

Саяқ кентінің кейбір көшелерін қайта атау туралы

Қарағанды облысы Балқаш қаласы Саяқ кенті әкімінің 2023 жылғы 20 қаңтардағы № 03р шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 20 қаңтарда № 6349 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 37-бабына, Қарағанды облысы әкімдігінің жанындағы облыстық ономастика комиссиясының 2022 жылғы 22 маусымдағы қорытындысына сәйкес тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып ШЕШТІМ:

1. Саяқ кентінің келесі көшелері қайта аталсын:

- Советская көшесін Жеңіс көшесіне;
- Вокзальная көшесін Жібек жолы көшесіне;
- МПС көшесін Теміржолшылар көшесіне;
- Космонавтов көшесін Ғарышкерлер көшесіне;
- Парковая көшесін Саялы көшесіне;
- Степная көшесін Сарыарқа көшесіне;
- Школьная көшесін Болашақ көшесіне;
- Юбилейная көшесін Достық көшесіне;
- Южная көшесін Ынтымақ көшесіне;
- Бульвар Горняков көшесін Кеншілер көшесіне;
- Балхашская көшесін Балқаш көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А. Ботаханов